

# БІЗДІҢ ЕҢ ҮЛКЕН МАҚСАТЫМЫЗ

**Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті – білім беру саласында көпжылдық тарихы мен тәжірибесі бар, өңіріміздегі бәсекеге қабілетті мамандар дайындайтын жоғары оқу орындарының бірі. Университет өзінің 70 жылдық тарихында Мұғалімдер институтынан бастап, ұзақ академиялық жолды басынан өткерді. Қазіргі таңда Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетіне коммерциялық емес акционерлік қоғам мәртебесі беріліп, басқарудың жаңа формасына көшті. Бұл өзгеріс жоғары оқу орнына жақсы мүмкіндіктер беріп, қаржылық, ұйымдастырушылық саясатына ықпал етіп, академиялық дербестігін қамтамасыз етті. Нәтижесі көріне бастады, бәсекеге қабілетті оқу орны болу жолындағы жұмыстарымызды күшейте түсті.**

**У**ниверситеттің даму бағдарламасының негізгі бағыттары – ол университеттің қарқынды дамуы, Атырау өңірінің еңбек нарығы сұраныстарына сай сапалы мамандар дайындау, Атырау университетін аймағымыздағы инновациялық процестердің, ғылым мен білімнің драйверіне айналдыру. Осы кадрлық әлеуетті дамыту, инфрақұрылымды жетілдіру, тиімділік



имиджін қалыптастыру сияқты мақсаттарды белгіледік.

Университетімізде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру кадрларын екі деңгейлі даярлау жүргізіледі: бакалавриаттың 56 білім беру бағдарламасы және магистратураның 41 білім беру бағдарламасы бар.

**Жаратылыстану-ғылыми бағыттағы мұғалімдерді ағылшын тілінде даярлау жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны іске асыру үшін университетте информатика, физика, биология, химия білім бағдарламалары бойынша шет тілінде дайындық жүргізіледі.**

Көптілді оқыту 19 білім беру бағдарламасы бойынша жүзеге асырылады.

2020 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палата-

сымен бірлесіп жүргізген білім беру бағдарламаларын бағалау нәтижелері бойынша Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің 3 мамандығы (рейтингке қатысқан 27 бағдарламаның ішінде) үздік үштікке, 8 мамандық – алғашқы бестікке және 18 мамандық – алғашқы ондыққа енді.

Елімізде педагог мамандардың сапасын көтеру жұмыстары жүйелі жүргізілуде. Университет бұл жұмыстарды да өз жұмысында басшылыққа алады. Биыл педагогикалық мамандықтарға оқуға қабылдау 75 балл болып бекітілді және осы мамандықтар бойынша шәкіртақылар да өсті. Осыған байланысты педагогикалық мамандықты таңдаған жастар көбейді. Осы оқу жылында педагогикалық мамандықты таңдаған студент саны – 1373. Өткен жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 1,5 есе артық. «Алтын белгі» иегерлерінің де саны артуда. Мысалы, биыл 24 «Алтын белгі» иегері біздің университетке грант иегері ретінде

оқуға түсті. Жалпы университетке 37 «Алтын белгі» иегері түсті.

**Облыстағы мектеп мұғалімдерінің тапшылығын жою және мектепке ер азаматтардың келуіне үлес қосу мақсатында биылғы оқу жылында университетте «Ұстаз» мектебі ашылды. Бүгінде 65 ер бала сабақтарын бастап кетті. Мектеп интернат жүйесінде ұйымдастырылған және барлық аудандардан ер балалар қабылданды.**

Университетте практика базалары кеңейтіліп, жұмысқа орналасу мүмкіндігімен жұмыс берушілермен практика базаларымен қамтамасыз ету жөнінде жасалған шарттар саны ұлғайды, сол сияқты мемлекеттік ұйымдармен, кәсіпорындармен шарттар жасалуда. 2020 жылы практикадан өтуге барлығы 320 шарт жасалды. Практикадан өткен студентердің 801-і немесе 46,03%-ы практикадан өткен мекемелерінде жұмысқа орналасты. Практика базаларының университетпен байланысын нығайту мақсатында кафедра филиалдары тиімді жұмыс жасайды. Қазіргі кезде университеттің өндірістегі 60 кафедрасының филиалы бар.

Университеттердің рейтингі түлектердің жұмысқа орналасуы бойынша да есептеледі. 2020 жылғы түлектердің 92%-ы жұмысқа орналасты.

Университеттің негізгі стратегиялық бағыты – кадрлық әлеуетті дамыту, яғни, талант-менеджмент қағидаларын жүзеге асыру арқылы оқытушылардың әлеуетін арттыру, педагогтардың ағылшын тілін меңгеруі, ғылыми-зерттеулер арқылы оқыту деңгейін көтеру, бизнес-әріптестермен өзара байланысты күшейтіп, жаңа ғылыми-зерттеу ортасын құру, сондай-ақ үрдістерді цифрландыру арқылы университеттің ұйымдастырушылық, кадрлық, академиялық менеджментін жаңғырту.

2020-2021 оқу жылында профессор-оқытушылар құрамының жалпы саны 464 оқытушыны құрады, оның ішінде 441 оқытушы күндізгі оқытушылық құрамда жұмыс істейді, олардың 24-і ғылым докторы, 111-і ғылым кандидаты, 8-і PhD.



2021-2022 оқу жылында ПОҚ саны 418, ғылым докторы – 21, ғылым кандидаты – 101, PhD саны 12 оқытушыны құрайды. 21 маман орталық университеттерде докторантурада оқып жатыр. Ғылым кандидаттарының саны азайып кеткенімен, керісінше PhD докторларының саны өсіп келеді. Университетте «Болашақ» халықаралық бағдарламасының 8 түлегі еңбек етеді.

**Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті педагогтарға қолдау көрсетуді жүйелі жүргізеді. Университет оқытушыларының еңбекақысы 2020 жылдан бастап мақсатты түрде 3 рет көтерілді.**

Атап айтқанда, 2020 жылғы ақпан және қазан айларында педагогтардың жалақысы өсті. 2021 жылдың қыркүйек айынан бастап университеттің профессор-оқытушыларының еңбекақысы тағы еселенді. Бұл жұмыстар Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасы бойынша жоғары оқу орындарының педагогтарын әлеуметтік қолдау бойынша жүргізілді. Университет өзінің қаржылық мүмкіндіктеріне талдау жасап, 2021-2022 оқу жылында оқытушылардың еңбекақысын қомақты көтеруді іске асырды. Мысалы, өткен оқу жылында оқытушының еңбекақысы 125 мың шамасында болса, енді 202 мың теңгені құрайды. Ал аға оқытушылардікі өткен жылы 143131 теңге болса, енді 230000 теңге болды. Ғылым кандидатынікі 157 156 теңгеден 260000 теңге болып өсті. Ғылым докторынікі, профессордікі 194454

теңгеден 330000 теңгеге көтерілді. Бұдан басқа кафедра меңгерушілері мен декандардың лауазымдық еңбекақылары да өсті. Сонымен бірге, бұл жалақыға қосымша әрбір оқытушыға оқу-әдістемелік, ғылыми, тәрбие бағытындағы жетістіктері үшін KPI үстеме ақы төленеді.

Сонымен қатар Атырау университеті «Болашақ» бағдарламасының түлектеріне лауазымдық жалақыларының 50 пайызы көлемінде үстемеақы төлеуді бастады. Сонымен қатар, жас ғалымдарға қолдау көрсету мақсатында философия докторы дәрежесін алу үшін диссертация (PhD) қорғап келгендерге де арнайы сыйақылар беріледі.

Қазіргі заманғы ЖОО-ның стратегиялық жаңаруында цифрлық трансформация да ерекше рөл атқарады. Біз IT-ресурстарды қайта жарақтандыру туралы ғана емес, сондай-ақ адам әлеуетін қайта жүктеу, кәсіби капитал мен корпоративтік мәдениетті жаңарту, оқу орнының әлеуметтенуі, коммуникациясы, оның барлық ішкі процестерін оңтайландыру туралы айтуға тиіспіз.

**Цифрландыру ЖОО-ның мақсатты аудиторияға көбірек бейімделуіне әкелуге тиіс, бұл оны білім беру нарығында бәсекеге қабілетті етіп қана қоймай, студенттер үшін қосымша құндылықтар жасайды.**

Сонымен қатар барлық бөлімшелердің өзара іс-қимылының тиімділігін арттыру сияқты ішкі процестерді цифрландыруды енгіздік.

Университет үдерістері толықтай HERO автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне көшірілуде. Бұл жүйе арқылы университеттің білім порталын студенттердің визуалды биометриялық деректеріне қарай танып, электронды журналға жіберу мүмкіндігі кеңейеді, университеттің порталын ПОҚ және академиялық қызметкерлердің шынайы жұмыс уақытын визуалды есепке алу мүмкіндігі жасалады, университеттің, студенттердің және профессор-оқытушылар құрамының нақты уақыттық жағдайы мен академиялық қызметінің ашықтығын қамтамасыз ететін оқу үрдісін басқарудың IT-ортасын құруға мүмкіндік туды.

Университеттің теңгерімінде 5 оқу ғимараты, 2 спорт кешені, 3 жатақхана бар. Осы оқу жылынан бастап 1 оқу ғимаратынан 300 орындық университет асханасы іске қосылды. Бұл студенттер үшін көптен күткен қуанышты хабар болды. Тәуелсіздіктің 30 жылдығы қарсаңында 30 атаулы аудиторияны ашу тізімі әзірленді. Оның 15-і ашылды, қалғанын желтоқсан айына дейін ашуды жоспарлап отырмыз.

Университет өзінің студенттерінің білім алуға қолжетімдігін, мүмкіндігі шектеулі студенттер үшін қажетті жағдай жасауды басты назарда ұстайды. Осы бағытта биыл университетте оқу ғимараттары мен жатақханаларға пандустар орнату, санитарлық жүйелердің басқа да нормаларға сәйкес келуі және т.б жұмыстар жасалуда.

Қазіргі білім саласындағы оң өзгерістердің бірі – білім сапасына

деген талап күшейтілді. Бұған әсіресе, бүкіл әлемді шарпыған пандемия да қатты әсер етті деуге болады. Білім үдерісіне жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану, оқытушылардың цифрлық сауаттылығын, біліктілігін жетілдіру, жаңартылған білімге байланысты жаңа талаптар, білім бағдарламаларын жаңғырту т.с.с міндеттер уақыттың талабы болып табылады.

**Білім сапасын көтерудің тағы бір бағыты – академиялық адалдық. Білім берудегі ашықтықты қамтамасыз ету «Академиялық ашықтық лигасы» принциптеріне сай ұйымдастырылады. Білім алушылардың білім беру сапасын көтеруді қадағалуы үшін ғылыми кеңес, академиялық кеңестер басқа да алқалық кеңестердің құрамына енгізілді.**

Университеттің қызметінің маңызды бір бағыты – ғылымды дамыту. Ғылыми-инновациялық қызметті қаржыландыру түрлі көздерден қаражат тарту негізінде жүзеге асырылады. Атап айтқанда, университеттің меншікті қаражаты, республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты, сондай-ақ ғылыми-зерттеу жұмыстарына сырттан тапсырыс берушілердің қаражаты пайдаланылады.

Университет өңірдегі ғылымды дамытуды ғылыми мектептер жұмысы

арқылы жандандыруды бастады. Өткен жылы 28 кафедра – 28 ғылыми мектеп жобасы қолға алынды.

**Бұл жоба жаңа ғылыми мектептерді қалыптастыруды және/немесе кафедралар жанындағы академиялық және ғылыми ортаны дамыту үшін жұмыс істеп тұрған ғылыми мектептердің жұмысына жаңа серпін беруді көздейді.**

Жоба бойынша әр кафедрада кемінде 1 мықты және беделді ғалым басқаратын ғылыми мектеп құру жоспарланған. Осы уақытқа дейін тек 14 ғылыми мектеп құрылды.

Атырау университеті Білім және ғылым министрлігінің бастамасымен және қолдауымен басталған Академиялық басымдық орталықтары бағдарламасына қосылды. АБО-ны жүзеге асыру Мемлекет басшысының 2020 жылғы Жолдауындағы қуатты өңірлік оқу орындарын дамыту тапсырмасын іске асыруға бағытталған. Жобаның білім беру сапасының өсуі, өңірдің инновациялық даму кеңістігін құру сияқты басымдықтары даму құралдарын, яғни, өзара іс-қимыл тетіктерін айқындауға мүмкіндіктер туғызып, жоғары деңгейдегі бәскеге қабілетті мамандар дайындауға мүмкіндік беретініне сенімдімін. Міне, біздің ең үлкен мақсатымыз осы.

**Саламат ИДРИСОВ,  
«Х. Досмұхамедов атындағы  
Атырау университеті» КеАҚ  
Басқарма төрағасы – ректоры**

## АННОТАЦИЯ ○

В статье ректор Атырауского университета рассказывает о становлении вуза драйвером инновационных процессов, науки и образования в регионе, об основных направлениях программы его развития, реализации государственной программы по подготовке учителей естественно-научного направления на английском языке, системной работе по повышению качества педагогических кадров в стране, устранении дефицита школьных учителей области и привлечении учителей-мужчин в школу.

